

*Акимбекова Ш.А.¹, Алипова Ә.Т.², Малгааждар М.³

^{1, 2, 3} Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті

^{1, 2, 3} Қазақстан, Алматы

¹ ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1025-471X>

² ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0107-0161>

³ ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8703-0952>

*akimbekova.shyryn@gmail.com

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада жоғары оқу орнында ағылшын тілін оқыту үдерісінде студенттердің сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді стратегиялар қарастырылады. Заманауи әдістемелік тәсілдер, соның ішінде коммуникативтік әдіс, оқытудағы кіріктірілген пәндік-тілдік тәсіл (CLIL), лексикалық әдіс және жобалық технологиялар талданады. Аталған әрбір әдіс білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттыруға және білім алушыларда сөйлеу барысында туындайтын типтік қиындықтарды, тілдік кедергілер, қателік жасаудан қорқу, сөздік қордың шектеулілігі және т.б. еңсеруге бағытталған. Зерттеу жұмысында осы әдістердің тиімділігі мен педагогикалық практикадағы маңызы қарастырылады. Оқытудағы кіріктірілген пәндік-тілдік тәсіл (CLIL), лексикалық тұрғыдан бай және жобалық жұмыс түрлерімен үйлесуі студенттердің шет тілінде сөйлеу барысында еркіндігін, сенімділігін және мотивациясын едәуір арттыратыны көрсетілген. Атап айтқанда, CLIL тәсілінің жобалық жұмыс пен лексикалық бай мазмұнмен үйлесуі студенттердің сөйлеу еркіндігін, сенімділігін және мотивациясын арттыратынына қатысты ғылыми еңбектер мен тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері шолу негізінде талданады. Мақалада ұсынылған деректер мен тұжырымдар әдістемелік тәжірибемен қатар осы саладағы ғылыми көзқарастар мен зерттеу нәтижелерін жинақтауға бағытталған.

Қорытынды бөлімде сөйлеу дағдыларын дамытуда түрлі оқыту әдістерін кешенді түрде қолданудың маңыздылығы атап өтіліп, жоғары оқу орындарындағы оқыту үдерісін жетілдіру үшін ғылыми негізделген әдістемелік ұстанымдарға сүйену қажеттігі туралы жалпы ұсыныстар беріледі.

Түйінді сөздер: сөйлеу дағдылары, ағылшын тілі, коммуникативтік тәсіл, жобалық оқыту, ауызша сөйлеу, коммуникативтік құзыреттілік, әдістемелік тәсілдер

Кіріспе. Шет тілін еркін меңгеру қазіргі жоғары оқу орындарындағы оқытудың басты мақсаттарының бірі болып табылады. Сөйлеу қызметінің барлық түрлері ішінде айтылым ерекше орын алады, себебі ол тікелей коммуникативтік қызмет атқарады. Ағылшын тілінде сөйлеуді меңгеру студенттерге академиялық пікірталастарға, презентацияларға, кәсіби қарым-қатынас пен халықаралық ынтымақтастық аясындағы іс-шараларға белсенді араласуға мүмкіндік береді. Көптеген зерттеушілер айтылымды ең іргелі әрі практикалық тілдік дағды деп санайды, өйткені ол білім алушыларға нақты ойын білдіруге, айтылған сөздердің мағынасын нақтылауға және тұлғааралық қатынастар орнатуға жағдай жасайды. Сонымен қатар, ағылшын тіліндегі жоғары деңгейдегі ауызша сөйлеу қабілеті жаһанданған қоғамда академиялық және кәсіби табысқа жетудің маңызды шарты ретінде қарастырылады. Дегенмен, айтылым дағдыларын дамыту бірқатар қиындықтармен қатар жүреді. Студенттер жиі тілдік кедергіге (барьер), қате жіберуден қорқуға, сөйлеу кезіндегі толқу мен ұялуға, сондай-ақ өз күшіне деген сенімсіздікке тап болады. Негізінен грамматиканы түсіндіруге және мәтіндерді аударуға негізделген дәстүрлі оқу тәжірибелері еркін сөйлеуді қалыптастыру үшін жеткіліксіз. Білім алушылар теориялық тілдік білімге ие болса да, практика мен психологиялық кедергілердің жеткіліксіздігінен нақты сөйлесуде қиындықтарға кезігуі мүмкін.

Аталған мәселелерді шешу үшін шет тілін оқыту әдістемесінде сөйлеу практикасын жандандыруға және сабақта мотивациялық коммуникативтік орта құруға бағытталған тәсілдер әзірленді. Коммуникативтік әдіс студенттерді сабақ үстінде нақты қарым-қатынас жағдайына ендіруді мақсат етеді. CLIL (мазмұн мен тілді кіріктіре оқыту) әдісі шет тілі арқылы пәндік мазмұнды меңгертуді ұсынып, сөйлеу практикасының маңыздылығы мен шынайылығын арттырады. Лексикалық тәсіл тұрақты сөз тіркестері мен басқа да айшықтауларды меңгеруге баса назар аударады, бұл байланысты айтылым құруды жеңілдетеді. Жобалық оқыту студенттерді белсенді өзара әрекеттесуді талап ететін бірлескен жұмысқа тартады.

Осы мақалада ағылшын тілінде айтылымды оқытуға арналған қазіргі заманғы әдістемелік тәсілдерге теориялық тұрғыдан шолу жасалып, олардың сөйлеу дағдыларын дамытудағы мүмкіндіктері сипатталады.

Әдістер мен материалдар. Зерттеу мақаласы айтылым дағдысын оқыту әдістемелеріне арналған отандық және шетелдік әдебиеттерге (2015–2024 жылдар аралығы) теориялық талдау әдісі арқылы жүргізілді. Негізгі мәліметтер қатарында ағылшын тілін оқытуда коммуникативтік тәсіл, CLIL технологиясы, лексикалық және жобалық тәсілдерді қолдану тәжірибесін жинақтаған ғылыми-әдістемелік еңбектер қарастырылды. Басты назар әрбір әдістің студенттердің айтылым дағдыларын дамытуға қалай ықпал ететініне аударылды.

Ағылшын тілін оқытуда коммуникативтік тәсіл, CLIL технологиясы, лексикалық және жобалық тәсілдер – шет тілін меңгертудегі заманауи, тиімді педагогикалық бағыттар болып табылады. Бұл төрт тәсілдің ортақ мақсаты – студенттердің сөйлеу дағдыларын арттыру, яғни тілдік білімді тек теориялық деңгейде емес, нақты жағдаяттарда еркін және мағыналы қолдана алуын қамтамасыз ету.

Коммуникативтік әдіс (Communicative Language Teaching, CLT) – шет тілін оқытудағы кең таралған тәсілдердің бірі болып табылады және ол, ең алдымен, қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға бағытталған. Әдістің негізінде тілді ең тиімді түрде меңгеру – оны қолдану арқылы, яғни белсенді сөйлеу мен тыңдау арқылы жүзеге асады деген идея жатыр, ал грамматикалық ережелерді пассивті түрде меңгеру екінші орында тұрады [1].

Сабақтар нақты қарым-қатынас жағдайын жасауға бағытталып құрылады: студенттер диалогтарға, топтық пікірталастарға, рөлдік ойындарға қатысады, мұнда өзара сұхбат құру, сұрақ қою және жауап беру, келісу немесе келіспеу сияқты әрекеттер орын алады. Бұл жағдайда оқытушы «фасилитатор», яғни, «үйлестіруші» немесе «ұйымдастырушы» рөлін атқарып, студенттердің барынша сөйлеу белсенділігін қамтамасыз етеді және қажетті тілдік қолдау көрсетеді. Коммуникативтік тәсілде тілдің функционалдық жағына басымдық беріледі – яғни әртүрлі жағдаяттарда өз ойын жеткізе білуге үйрету басты мақсат. Грамматикалық білім маңызды болғанымен, ол екінші кезектегі міндет ретінде қарастырылады. Жалпы қарым-қатынас сәтті жүзеге асса, ұсақ қателеге мән берілмейді.

Осылайша, сабақта студенттер сөйлеуден қорықпайтын жағдай қалыптасады, өйткені басты назар ойды еркін жеткізуге аударылып, қателерге деген бақылау әлсірейді. Практика көрсеткендей, көптеген студенттер жұппен немесе шағын топпен жұмыс істегенде өздерін еркін сезінеді. Мұндай формат психологиялық қысымды азайтып, ұялшақ студенттердің де сөйлей бастауына ықпал етеді. Сабақ барысында тұрақты сөйлеу тәжірибесі арқасында білім алушыларда біртіндеп қате жіберуге деген қорқыныш жойылып, өз сөйлеу дағдыларына сенімділік пайда болады. Коммуникативтік сабақтарда жиі қолданылатын әдістер қатарына рөлдік ойындар, жұппен жүргізілетін сұхбат, топтық пікірталастарды атауға болады.

Рөлдік ойындар кезінде студенттер түрлі өмірлік жағдаяттарды (кафеде, әуежайда, сұхбатта және т.б.) көрсетіп, белгілі бір рөлдерге кіріп, диалог жүргізеді. Қажетті сөздер мен интонациялық үлгілерді пысықтап, шартты түрде шынайы контексте сөйлеу дағдыларын дамытады. Рөлдік ойын тілді шығармашылық тұрғыдан еркін қолдануға мүмкіндік береді және қысымды азайтады. Ал, жұппен жүргізілетін сұхбат үстінде студенттерге сұрақтар тізімі ұсынылып, олар жұппен жұмыс істейді, кезекпен сұхбат алушы және жауап беруші рөлін атқарады. Тапсырма сұрақ қою, жауап беру, серіктесті мұқият тыңдау және ойды дайындықсыз, суырып салма түрде құрастыру қабілеттерін дамытады. Жаттығу студенттің тілді меңгеру деңгейіне байланысты өзгертіледі. Егер студент тіл үйренудің бастапқы сатысында болса, сұхбат құрылымды түрде өткізіледі – яғни, алдын ала дайындалған, нақты сұрақтар қойылады. Ал студент тілді еркін меңгере бастағанда, жаттығу еркін әңгіме түрінде өтеді: сұрақтар мен жауаптар алдын ала дайындалмайды, әңгіме еш дайындықсыз, шынайы түрде өрбиді. Топтық пікірталаста болса, 4–6 адамнан тұратын топтарға талқылауға арналған мәселе немесе сұрақтар ұсынылады. Әр қатысушы өз үлесін қосып, пікір білдіріп, келісіп немесе келіспей, диалогқа қатысуы қажет. Топтық формат бірден бірнеше студенттің өзара әрекеттесуін ынталандырады және сабақтағы коммуникацияны шынайы көпжақты әңгімеге

жақындатады. Рөлдерді (хатшы, баяндамашы т.б.) бөлу арқылы әр студенттің жауапкершілігі мен белсенділігі артады.

Жалпы алғанда, коммуникативтік тәсіл сөйлеу үшін қажетті мотивация мен табиғи тілдік ортаны қалыптастырады, мұндағы дағдылар қызығушылықпен және мақсатқа сай қолданылады.

Оқытудағы кіріктірілген пәндік-тілдік тәсіл (Content and Language Integrated Learning, CLIL) – кең түсінік, ол пәнді шет тілдері арқылы меңгерудің оқыту әдісін сипаттау үшін қолданылады, оның негізгі мақсаты - пәнді меңгеру және шет тілі бойынша тілдік дағдыларды жетілдіру [2].

CLIL әдісінің негізінде шет тіліндегі мазмұнға терең бойлау арқылы сөйлеу тәжірибесін мағыналы әрі тиімді ету идеясы жатыр. Студенттердің тек тілді үйренуі ғана емес, танымдық ақапараттарды меңгеру көзделеді.

CLIL әдістемесі Эдинбург университетінің профессоры Ду Койл ұсынған «4C» моделіне сүйенеді, оған мыналар кіреді:

- Content (мазмұн) – пәндік білім;
- Communication (коммуникация) – тіл арқылы қарым-қатынас жасау;
- Cognition (когниция) – ойлау дағдылары мен танымдық қызмет;
- Culture (мәдениет) – мәдениаралық түсінік [3].

CLIL сабағында студенттер, мысалы, ғылыми тақырыпты ағылшын тілінде талқылайды, бұл ретте сыни ойлау мен талдау қабілеттерін қолданады, сондай-ақ оны ана тіліндегі және ағылшын тілді мәдениетпен салыстырады. Осылайша, оқу үдерісі кешенді әрі тікелей тұлғалық дамуға бағытталады.

Оқытудағы кіріктірілген пәндік-тілдік тәсілдің тағы бір артықшылығы – оқушылардың ішкі мотивациясының жоғары болуы. Студенттерге қызықты пәндерді ағылшын тілінде оқу тілді мақсат емес, білім алуға қажетті құрал ретінде қабылдатуға ықпал етеді. Тілдік қатысымға деген қажеттілікті арттырады: студенттер өз ойларын ортаға салғысы келеді, ал тіл – сол пікірді жеткізу амалына айналады. Сондай-ақ, CLIL шеңберінде пәндік тақырыптар бойынша ағылшын тіліндегі материалдарды (мақалалар, бейнежазбалар, презентациялар) пайдалану арнайы сөздік қорды меңгеруге және академиялық сөйлеу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Бұл әдісті жоғары оқу орындарында қолдану тәжірибесі көбінесе шағын модульдер түрінде енгізіледі. Мысалы, ағылшын тілі пәнінің оқытушысы студенттердің негізгі мамандығына (экономика, химия, тарих) қатысты тақырыптар бойынша бірнеше сабақты ағылшын тілінде өткізеді. Мұндай сабақтарда студенттер кәсіби мәтіндерді оқиды, оларды талқылайды, жобалар орындайды. Бұл өз кезегінде сөйлеу дағдыларын кәсіби контексте дамытуға мүмкіндік береді.

CLIL-сабақтарын ұйымдастыруда мұғалімнен пәндік оқытушылармен тығыз байланыс пен материалды мұқият іріктеу талап етіледі. Яғни, CLIL-сабағы бір мезгілде пәндік білім мен тілдік дағдыларды дамытуды көздейді: жаңа терминдер мен грамматикалық құрылымдарды меңгеру, сөйлеу машығын жетілдіру. Айта кету керек, CLIL дәстүрлі тіл сабақтарын алмастырмайды, тек оны толықтырады. Ең тиімді тәсіл – ағылшын тілі сабағымен қатар кейде CLIL элементтерін енгізу. Бұл тілдік базаны (грамматика, фонетика) қалыптастырып қана қоймай, нақты коммуникативтік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Лексикалық әдіс (Lexical Approach) тілдік білім берудің заманауи бағыты ретінде тілді меңгертудің негізгі бірлігі ретінде жекелеген сөзді немесе грамматикалық құрылымды емес, лексикалық блокты – яғни сөздердің тұрақты тіркестерін қарастырады. Әдістеменің авторы, британдық лингвист М. Льюис, тіл туралы былай деп тұжырымдайды: «Тіл – лексикаға негізделген грамматикадан тұрады, грамматикаланған лексикадан емес» [4]. Басқаша айтқанда, дайын сөз тіркестері мен жиі қолданылатын сөздерді, сөйлемдерді меңгеру – сөйлеуді меңгерудің грамматикалық ережелерді жаттаудан әлдеқайда тиімді жолы.

Лексикалық тәсілдің мақсаты студенттерді формулалық тіркестерді (formulaic sequences) әртүрлі жағдаяттарда тани білуге және дұрыс қолдануға үйрету. Бұған жататындар:

- стандартты сөйлем бастамалары мен жиі кездесетін штамптар: “How are you?”, “Nice to meet you”, “Could you...?”
- пікір білдіру, келісу не келіспеу формулалары: “I think that...”, “That's a good point”, “I'm not sure I agree” және т.б.

Оқытушы студенттерге белгілі бір тақырыптар бойынша тіркестердің жиынтығын ұсынады. Мысалы, «Проблеманы талқылау» тақырыбында пікір білдіру мен оған жауап беру фразалары беріледі. Бұл тіркестерді меңгерген соң, студенттер рөлдік ойындарда, диалогтарда немесе пікірталастарда сол тіркестерді қолданып жаттығады. Осындай қайталанатын тәжірибе нәтижесінде фразалар бірізді болып, білім алушының белсенді тілдік қорына енеді.

Аталған әдіс сөйлеу кезінде сөйлемдерді қайта-қайта жаңадан құрастыру қажеттілігін азайтады, сөйлеудің шапшаңдығын арттырып, психологиялық кедергілерді төмендетеді. Психолингвистикалық зерттеулердің нәтижесі бойынша адам миы жиі қолданылатын тіркестерді жекелеген сөздерден бөлек, бір тұтас блок ретінде сақтап, өңдейтінін айтады.

Лексикалық әдіс грамматикадан толық бас тартпайды, бірақ оны лексикалық контексте үйретуге мән береді. Жаңа сөздер оқшау сөз ретінде емес, тіркестер құрамында беріледі. Мысалы, “decision” сөзі жеке үйретілмейді, оның орнына “make a decision” тіркесі жатталады; “fluently” сөзі “speak fluently” тіркесінде беріледі.

Лексикалық әдістің көмегімен студенттер сөздік қорларын толықтырып, еркін сөйлеуге машықтанады. Зерттеулер формулалық тіркестердің жиі қолданылуы мен ауызша сөйлеу сапасы арасындағы оң нәтижені көрсетеді. Нақтылап айтқанда, дайын сөз тіркестерімен жұмыс істеу сөйлеу кезінде паразит сөздер мен үзілістерді азайтып, өз ойын нақты әрі сенімді жеткізуге көмектеседі. Әдіс сөйлеуді барынша шынайы, мәнерлі, мазмұнды етуге мүмкіндік береді, студенттердің сөздік қорларын толықтырып, тілді меңгеру деңгейін көтереді.

Жобалық оқыту әдістемесі (Project-Based Learning, PBL) – білім алушылардың тілдік құзыреттілігін, соның ішінде сөйлеу дағдысын дамытуға бағытталған тиімді педагогикалық технологиялардың бірі. Әдіс шет тілін үйрену үдерісін білім алушының нақты өмірлік немесе кәсіби жағдаятқа жақын ұзақ мерзімді жобамен жұмыс істеуі арқылы жүзеге асырады. Жобалық жұмыс тілдік біліммен қатар зерттеу, жоспарлау, топтық өзара әрекет, шығармашылық және шешім қабылдау дағдыларын ұштастырады [5].

Ағылшын тілі сабағында жобалық әрекет презентация жасау, бейнерепортаж түсіру, сұхбат жүргізу, ғылыми баяндама жазу, театрландырылған қойылым ұйымдастыру сияқты іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін.

Жобалауды меңгерген оқушы, меңгерген жұмыс құралдары мен тәсілдерін жүзеге асыра отырып, шығармашылық ойлауды үйренеді, өз іс-қимылдарын өздігінен жоспарлайды, болуы мүмкін нұсқаларды болжайды, алдында тұрған міндеттерді шешеді. Жобалау мәдениеті көптеген білім беру тәжірибелері саласында жобалау әдістері және оқытудың жобалау әдісі түрінде енгізілген [6].

Жобалық тәсіл сөйлеу дағдысын дамытуда өте тиімді, өйткені ол студенттерді шынайы тілдік қатысымға тартады. Нәтижесі бірнеше деңгейде көрінеді:

1. Жобаны жоспарлау кезінде студенттер ағылшын тілінде идеялармен бөлісіп, пікірталасқа түседі. Яғни, табиғи тілдік ортаға тән коммуникативтік жағдай орын алады.

2. Жоба нәтижесі ретінде студенттер көпшілік алдында сөз сөйлейді, бұл өз кезегінде сөйлеуді алдын ала жоспарлап жаттықтыруға, тілдік құрылымдарды ойластыруға және көпшілік алдында сөйлеу дағдысын дамытуға септеседі.

3. Жобаның мазмұны көбіне өмірмен, студенттердің кәсіби қызығушылығымен тығыз байланысты болады (мысалы, экологиялық мәселелер, бизнес-идеялар және т.б.), бұл ішкі мотивацияны арттырады және тілдің қолданбалы мәнін айқындайды.

Жобалық тәсіл өз құрылымы мен мақсаттарына орай коммуникативтік әдіспен тығыз байланысты. Алайда, жобалық оқыту тілді өмірлік-кәсіби жағдаяттармен ұштастырып, студенттің тілді қолдану мотивациясын күшейтеді. Сондықтан бұл әдіс коммуникацияны жоғары деңгейге көтеретін, пәнаралық және практикалық бағыттағы тәсіл ретінде бағаланады.

Оқыту тиімді болуы үшін оқытушыға жоба тақырыбының студенттердің қызығушылығына сай болуын, жобалық кезеңдер нақты құрылымдалуын ескерген жөн.

Ағылшын тілін жоғары оқу орнында оқытуда қолдануға болатын әдістер, олардың тиімділігі және студенттерде қалыптастыратын құзыреттіліктер сараланып, жүйеленді (1-кесте).

1-кесте. Сөйлеу дағдысын қалыптастырушы әдістердің тиімділігі мен қалыптасатын құзыреттіліктер

Әдіс атауы	Тиімділігі	Қалыптасатын құзыреттіліктер
Коммуникативтік әдіс (CLT)	1. Тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруге көмектеседі 2. Қарым-қатынасқа түсу барысында студент сөйлеуден қорықпайды 3. Психологиялық кедергілер азаяды 4. Диалог, рөлдік ойын, пікірталас арқылы тілдік белсенділік артады	Сөйлеу дағдысы Тыңдау қабілеті Диалогтық және монологтық сөйлеу Тілдік өзара әрекет
Оқытудағы кіріктірілген пәндік-тілдік тәсіл (CLIL)	1. Тілді мазмұн арқылы үйрету студенттердің когнитивтік белсенділігін арттырады 2. Тіл білім алудың құралы ретінде көрінеді 3. Академиялық сөйлеу мен арнайы лексиканы дамытады 4. Ішкі мотивацияны күшейтеді	Академиялық және кәсіби сөйлеу Пәндік терминологияны меңгеру Сыни және аналитикалық ойлау Мәдениетаралық коммуникация
Лексикалық әдіс	1.Сөз тіркестері мен формулалық құрылымдарды меңгеру сөйлеудің жылдамдығы мен дәлдігін арттырады 2.Грамматика лексикалық контексте ұсынылады 3.Сөйлеу шынайы және мазмұнды болады	Белсенді сөздік қор Сөз тіркестерін, фразеологиялық оралымдарды нақты қолдану
Жобалық оқыту (PBL)	1.Тілді шынайы жағдаятта қолдануға үйретеді 2.Студенттердің шығармашылығы мен дербестігін дамытады 3.Командалық жұмысты ынталандырады 4.Көпшілік алдында сөйлеу дағдысын қалыптастырады	Шығармашылық және зерттеу қабілеттері Топта жұмыс істеу Мәселе шешу дағдылары Презентация жасау және сөйлеу

Дереккөз: автор дайындаған

Нәтижелер және оларды талқылау. Жоғарыда қарастырылған заманауи әдістемелік тәсілдер студенттердің ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын дамытуда жоғары нәтижелілік көрсетеді. Әдістердің тиімділігін білім алушылардың сөйлеуге деген мотивацияның артуынан, психологиялық кедергілердің жойылуынан және сөйлеудің шапшаңдығы мен сапасының жақсаруынан байқауға болады.


Коммуникативтік бағыттағы жаттығуларды жүйелі қолдану студенттердің сөйлеу белсенділігін едәуір арттырады. Бақылау нәтижелері көрсеткендей, жұппен және шағын топпен жұмыс барысында студенттер еркін сөйлей бастайды, сөйлеуге мәжбүрлеусіз өз ойын білдіруде белсендірек болады. Жұмыс атмосферасының қауіпсіздігі мен жайлылығы сөйлеу кезіндегі толқу мен қателесу қорқынышын төмендетеді. Соның нәтижесінде сөйлеудің жылдамдығы артады, сөйлемдер бірқалыпты, үзіліссіз құрылады.

Коммуникативтік әдіс импровизация мен тілдік икемділікті дамытуға да ықпал етеді. Студенттер қажетті сөзді білмеген жағдайда оны перифразалау, нақтылау сұрақтарын қою, сөйлесушіге қолдау көрсету сияқты шынайы қарым-қатынасқа тән стратегияларды қолдануға үйренеді. Тәжірибелер коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуына алып келеді – яғни, тілді түрлі жағдаяттарда тиімді қолдану қабілеті дамиды. Оқытушылар студенттердің қатысу деңгейінің жоғарылағанын, сабақта сөйлеуге бөлінетін уақыттың артуын, өзіндік сенімділіктің өсуін оң бағалайды. Алайда тек сөйлеуге жайлы жағдай жасау күрделі пікір айту үшін жеткіліксіз болуы мүмкін, сондықтан бұл әдісті басқа тәсілдермен үйлестіру ұсынылады. Ал,

оқытудағы кіріктірілген пәндік-тілдік тәсілін қолдану студенттердің лексикалық қорын кеңейтіп, тақырыптық сөйлеу мотивациясын арттырады. Студенттер мазмұндық тұрғыдан маңызды тақырыптарды ағылшын тілінде талқылау барысында жаңа терминдер мен ұғымдарды меңгеріп, оларды бірден қолдана бастайды. Сөйлеу барысында біркелкі, қарапайым фразалардан аналитикалық, салыстырмалы және дәлелді пікір айтуға ауысу байқалады. Бірақ, CLIL-ді енгізу барысында тіл мен мазмұн арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды мәселе болып қала береді. Тілді жақсы меңгерген студенттер пәндік мазмұнға көп көңіл бөлгенімен, үлгерімі төмен студенттер үшін қиындықтар тууы мүмкін. Сондықтан материалдың күрделілігі мен тілді қолдану мүмкіндіктері арасында баланс сақталуы тиіс.

Лексикалық әдістің негізгі идеясы – жекелеген сөздерді емес, дайын сөз тіркестері мен фразеологиялық оралымдарды меңгерту. Әдіс сөйлеудің жылдамдығын, байланыстылығын және шынайылығын арттырады. Оқытушылар атап өткендей, студенттер формальды клишелерді меңгергеннен кейін сөйлеу кезінде үзілістер азайып, нақты және сенімді сөйлеу қалыптаса бастайды. Мысалы, «I strongly believe that...», «As far as I'm concerned...» сияқты дайын фразалар сөйлем құрудағы кідірісті болдырмайды. Мәселен, Иран зерттеушілері И.Хондади мен С. Шамси жүргізген зерттеу нәтижелері студенттердің формулалық құрылымдарды қолдану деңгейі мен ауызша жауаптарының сапасы арасында оң байланыс бар екенін көрсеткен [7]. Зерттеу барысында олар тілдік дайындық деңгейі әртүрлі студенттердің қатысуымен эксперименттік тапсырмалар ұйымдастырып, формулалық тілдік құрылымдарды, дайын тіркестерді белсенді қолданған студенттердің өз ойын нақты, жүйелі және сенімді түрде жеткізе алатынын анықтаған. Авторлардың пайымдауынша, мұндай құрылымдарды меңгеру тіл үйренушілердің коммуникативтік құзыреттілігін арттыруға елеулі ықпал етеді және олардың өзара әрекеттесу тиімділігін жоғарылатады.

Жобалық әдісті қолдану сөйлеу дағдыларына жан-жақты оң әсер ететінін көрсетеді. Біріншіден, жоғарыда айтылғандай, студенттердің ауызша сөйлеуге деген мотивациясы айтарлықтай артады. Жобалық жұмыста олардың нақты коммуникативтік мақсаты мен топ алдындағы жауапкершілігі болады, сондықтан тіпті енжар студенттердің өзі өз үлесін қосуға тырысады. Екіншіден, жобалар нәтижесі студенттердің сөйлеу сапасының артқанын көрсетеді: қорытынды таныстырылым барысында олар, әдетте, жобаға дейінгі сабақтардағы жауаптарымен салыстырғанда әлдеқайда байланысты, дайындалған сөйлеу үлгісін көрсетеді. Таныстырылымды әзірлеу және жаттықтыру – монологтық сөйлеуді дамытудың тамаша тәсілі: студенттер өз сөзін құрылымдауға, ойларын қисынды түрде жеткізуге, идеяларын түсіндіріп, дәлелдеуге үйренеді. Жобаларда жиі слайдтар мен постерлер сияқты көрнекі материалдар қолданылады, бұл сөйлеуге тірек болады. Жобаны қорғау кезінде көптеген студенттер шет тілінде көпшілік алдында сөйлеу қорқынышын жеңіп шығады – бұл болашақ оқу мен мансап үшін аса маңызды дағды (1-сурет).



1-сурет. Білім алушының тілді білу деңгейіне сәйкес ұсынылатын әдіс

Дереккөз: автор дайындаған

Оқыту процесінде білім алушылардың тіл меңгеру деңгейіне сәйкес әдісті таңдау өте маңызды. Бастапқы кезеңде коммуникативтік әдіс сөйлеуге деген сенімділік пен тыңдау дағдыларын қалыптастыруға көмектессе, орта деңгейде лексикалық және CLIL тәсілдері нақты құрылымдар мен терминологияны меңгеруге жағдай жасайды. Ал жоғары деңгейде жобалық әдіс көпшілік алдында сөйлеу, зерттеу және презентация жасау сияқты күрделі дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Әрбір қарастырылған әдіс сөйлеу дағдысының белгілі бір аспектілеріне басымдық беретінін атап өткен жөн. Коммуникативтік әдіс – психологиялық сенімділік пен тез шешімге қабылдауды, CLIL – мотивация мен мазмұн байлығын, лексикалық әдіс – сөйлеу жылдамдығы мен фразеологизмдерді қолдану дағдысын, ал жобалар – мазмұнды, нақты және бірлескен сөйлеу қабілетін дамытуға бағытталған. Оқыту тәжірибесінде бұл әдістерді біріктіріп қолдану қажет. Мысалы, жобалық тапсырма коммуникативтік әдіс аясында (топ ішінде толық ағылшын тілінде қарым-қатынас жасау) орындалуы, CLIL элементтерін қамтуы (жоба тақырыбы кәсіби білім саласынан алынуы) және лексикалық материалға негізделуі (бұрын үйренілген негізгі тіркестер) мүмкін. Әдістерді кешенді қолдану олардың оң әсерін күшейтіп, әрқайсысының мүмкін шектеулерін өтейді.

Қорытынды. Ағылшын тілінде ауызша сөйлеу дағдысын дамыту – кешенді, көпқырлы және жүйелі тәсілді талап ететін үдеріс. Жоғарыда қарастырылған әдістерді өзара ұштастыра отырып қолдану арқылы бұл мақсатқа тиімді қол жеткізуге болады:

1. Коммуникативтік әдіс (CLT) студентке тілдік ортаны табиғи түрде сезінуге, еркін сөйлеуге және психологиялық кедергілерді жеңуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс сөйлеу белсенділігін арттырып, тілдік өзара әрекетті дамытады.

2. CLIL тәсілі тілді мазмұнмен байытып, студенттің когнитивтік белсенділігін арттыра отырып, академиялық және кәсіби сөйлеуді дамытады.

3. Лексикалық әдіс сөйлеудің нақтылығы мен табиғилығын арттыра отырып, белсенді сөздік қорды жүйелі түрде қалыптастырады. Бұл әдіс грамматиканы лексикалық контексте меңгеруге жол ашады, сөйлеу жылдамдығы мен дәлдігін арттырады.

4. Жобалық оқыту (PBL) барлық аталған әдістерді тәжірибе жүзінде интеграциялауға мүмкіндік береді. Ол студенттің шығармашылық және зерттеу қабілетін дамытып, топта жұмыс істеу, мәселелерді шеше алу, көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.

Университет оқытушылары үшін ағылшын тілінде сөйлеу дағдысын дамыту жұмысын жоспарлау барысында жоғарыда аталған әдістерді тиімді үйлестіру маңызды. Дәрістерде студенттерге сөйлесуге жеткілікті мүмкіндік беретін коммуникативтік тапсырмаларға, пікірталастарға, диалогтарға, рөлдік ойындарға уақыт бөлу қажет. Сонымен қатар, жаңа лексикалық құрылымдарды енгізіп, олардың нақты қарым-қатынас барысында қолданылуын жүйелі бақылау студенттердің тілдік қорын кеңейтеді. Бұдан бөлек, әр семестрде жобалық тапсырмалар ұйымдастыру – студенттерге тілдік мақсатқа жету үшін ынталандырушы орта жасап, өз ойын ағылшын тілінде еркін және жүйелі түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

Аталған әдістерді ұштастыра қолдану студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін де дамытуға ықпал етеді: олар тілдік біліммен қатар оны түрлі өмірлік және кәсіби жағдаяттарда орынды пайдалануды меңгереді. Болашақ зерттеулер осы интеграцияланған тәсілдердің тиімділігін жүйелі түрде бағалап, оларды оқу процесіне енгізу бойынша нақты әдістемелік ұсынымдар әзірлеуге бағытталуы тиіс. Дегенмен, қазіргі тәжірибе көрсеткендей, нақты сөйлеу тәжірибесіне, өзара әрекетке және мазмұнды тілдік қолдануға негізделген оқыту сөйлеу дағдысының сапалы дамуының басты кепілі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Richards J. C. Communicative Language Teaching Today. - Cambridge: Cambridge University Press, 2006. – 52 с. [Электрондық ресурсы]. – URL: <https://www.professorjackrichards.com/wp-content/uploads/Richards-Communicative-Language.pdf>

2 Мектептердің оқу үдерісінде CLIL-технологияны қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 73 б.

3 Coyle D., Hood P., Marsh D. CLIL: Content and Language Integrated Learning. – Cambridge: Cambridge University Press, 2010. – 184 с. [Электрондық ресурс]. – URL: https://assets.cambridge.org/97805211/30219/excerpt/9780521130219_excerpt.pdf

4 Lewis M. The Lexical Approach: The State of ELT and a Way Forward. – Hove: Language Teaching Publications, 1993. – 213 с. [Электрондық ресурс] – URL: https://psv4.userapi.com/s/v1/d/c-ilUF8s3uLvdsesG8uAUyqXwHALR-oFtPxMyZkN0LUM-kv26WAORwdeotfAkh6Am3HEq-suOERs98Wi8812YDMoiT7iQbf8IyG49dMod9xoqOvDEhZ8CA/Lewis_Michael_the_lexical_approach.pdf

5 Goodman B. Project-Based Learning: A dynamic approach to teaching in which students explore real-world problems and challenges, simultaneously developing 21st Century skills while working in small collaborative groups. – 2010. – 8 с. [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.fsmilitary.org/pdf/Project_Based_Learning.pdf

6 Баймұратова Э. С., Артыкова Е. О. Заманауи әдістемелік технологияны қолдана отырып шет тілін оқытудың маңыздылығы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2016. – №2 (160). – Б. 209-212. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1938>

7 Khodadady E., Shamsaee S. Formulaic sequences and their relationship with speaking and listening abilities // English Language Teaching. – 2012. – Vol. 5. - No. 2. – P. 39-49. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1078953.pdf>

REFERENCES

1 Richards, J. C. (2006). Communicative Language Teaching Today *Cambridge: Cambridge University Press, 2006.* – 52 p. [Electronic resource]. – Access mode: <https://www.professorjackrichards.com/wp-content/uploads/Richards-Communicative-Language.pdf>

2 Mektepterdin oqu uderisinde CLIL-tehnologiany qoldany boynsha adistemelik usynyndar [Methodological recommendations on the use of CLIL technology in the educational process of schools] (2008). Astana: Y. Altynsarin atyndagy Ul'tyq bilim akademiasy [Y. Altynsarin National Academy of Education], 73 p. [in Kazakh]

3 Coyle, D., Hood, Ph., Marsh, D. (2010). CLIL: Content and Language Integrated Learning. *Cambridge: Cambridge University Press, 184 p.* [Electronic resource]. – Access mode: https://assets.cambridge.org/97805211/30219/excerpt/9780521130219_excerpt.pdf

4 Lewis, M. (1993). The Lexical Approach: The State of ELT and a Way Forward. *Hove: Language Teaching Publications, 213 p* [Electronic resource]. – Access mode: https://psv4.userapi.com/s/v1/d/c-ilUF8s3uLvdsesG8uAUyqXwHALR-oFtPxMyZkN0LUM-kv26WAORwdeotfAkh6Am3HEq-suOERs98Wi8812YDMoiT7iQbf8IyG49dMod9xoqOvDEhZ8CA/Lewis_Michael_the_lexical_approach.pdf

5 Goodman, B. (2010). Project-Based Learning: A dynamic approach to teaching in which students explore real-world problems and challenges, simultaneously developing 21st Century skills while working in small collaborative groups, 8 p. [Electronic resource]. – Access mode: https://www.fsmilitary.org/pdf/Project_Based_Learning.pdf

6 Baymuratova, E. S., Artiqova, E. O. (2016). Zamanauï adistemelik tekhnologiyany qoldana otirip shet tilin oqytudyn manyzdylygy [The importance of teaching foreign languages using modern methodological technology]. *QazUU habarshysy. Filologiya seriyasy* [Bulletin of KazNU. Philology series], 2(160), 209–212. [Electronic resource]. – Access mode: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1938>

7 Khodadady, E., Shamsaee, S. (2012). Formulaic sequences and their relationship with speaking and listening abilities. *English Language Teaching*, 5(2), 39–49. [Electronic resource]. – Access mode: <https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1078953.pdf>

Акимбекова Ш.А.¹, Алипова А.Т.², Малгааждар М.³
^{1, 2, 3} *Казахский национальный педагогический университет имени Абая*
^{1, 2, 3} *Казахстан, Алматы*

МЕТОДЫ РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ ГОВОРЕНИЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация

В статье рассматриваются эффективные стратегии, направленные на развитие навыков устной речи студентов в процессе обучения английскому языку в высшем учебном заведении. Анализируются современные методические подходы, включая коммуникативный метод, предметно-языковую интеграцию (CLIL), лексический подход и проектные технологии. Каждый из этих подходов способствует формированию коммуникативной компетенции обучающихся и преодолению типичных трудностей, возникающих в устной речи, таких как языковые барьеры, страх ошибок, ограниченный словарный запас и др. В исследовании обобщены результаты последних научных работ и практический опыт по применению указанных методов. Показано, что сочетание CLIL, лексически насыщенного материала и проектной деятельности значительно повышает свободу, уверенность и мотивацию студентов при устном общении на иностранном языке. В разделе результатов приведены конкретные примеры и кейсы, подтверждающие улучшение показателей устной речи студентов под влиянием описанных педагогических подходов. В заключении сформулированы выводы о целесообразности комплексного использования различных методов обучения для развития речевых навыков, а также даны рекомендации преподавателям вузов по совершенствованию учебного процесса на основе современных научно обоснованных методик.

Ключевые слова: навыки говорения, английский язык, коммуникативный подход, проектное обучение, устная речь, коммуникативная компетенция, методические подходы

Akimbekova Sh.A.¹, Alipova A.T.², Malgaazhdar M.³
^{1, 2, 3} *Abai Kazakh National Pedagogical University*
^{1, 2, 3} *Kazakhstan, Almaty*

METHODS FOR DEVELOPING SPEAKING SKILLS IN ENGLISH LANGUAGE CLASSES

Annotation

This article explores effective strategies aimed at developing students' speaking skills in the process of learning English at higher educational institutions. It analyzes modern methodological approaches, including the communicative method, Content and Language Integrated Learning (CLIL), the lexical approach, and project-based learning. Each of these approaches contributes to the formation of learners' communicative competence and helps overcome common difficulties encountered in speaking, such as language barriers, fear of making mistakes, limited vocabulary, and more. The study summarizes the results of recent research and practical experience in the application of these methods. It is shown that combining CLIL, lexically rich materials, and project-based activities significantly enhances students' fluency, confidence, and motivation in speaking a foreign language. The results section presents concrete examples and case studies that demonstrate improvements in students' speaking performance under the influence of the described pedagogical methods. In conclusion, the article argues for the appropriateness of a comprehensive use of various teaching methods to develop speaking skills and provides recommendations for university instructors to improve the educational process based on modern, research-based methodologies.

Keywords: speaking skills, communicative approach, English language, project-based learning, oral speech, communicative competence, methodological approaches

Редакцияға түсті: 17.05.2025

Рецензиялаудан кейін мақұлданды: 11.07.2025

Жариялауға қабылданды: 26.09.2025